

Атырау облысы Жылыой ауданының Құлсары поселкесін аудандық маңыздағы қалалар санатына жатқызу туралы

II сайланған Атырау облыстық мәслихаттың X сессиясының және облыс әкімінің шешімі 2001 жылғы 16 наурыз N 110-II Атырау облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 16 мамырда N 469 тіркелді

Жылыой ауданының өкілетті және атқарушы органдарының өтініштерін ескере отырып және Z934200_ "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11 бабының 1 тармағына сәйкес облыстық Мәслихаттың X сессиясы және облыс әкімі шешім етті:

1. 2001 жылғы 11 наурыздағы Жылыой аудандық Мәслихатының IX сессиясы және Жылыой ауданы әкімінің "Құлсары поселкесін аудандық маңыздағы қаласы деп қайта құру туралы" N 9/1 бірлескен шешімімен келісілсін.

2. Атырау облысы Жылыой ауданының Құлсары поселкесін аудандық

маңыздағы қалалар санатына жатқызу туралы ұсыныс Қазақстан Республикасы Үкіметіне енгізілсін.

Атырау облыстық Мәслихаты
X сессиясының төрағасы

Атырау облыстық Мәслихаты хатшысы

Атырау облысының әкімі

(Мамандар: Ержанова К.С., Хасанов М.Х.)